

экологиялық тәуекелдерді жоюдың маңызды шаралары болып табылады. Су сапасын жақсарту, халықты ауыз сумен қамтамасыз ету шұғыл қажет. Өзен экожүйелерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, олардың тепе-теңдігі мен биоценоздарын сақтау маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Сеидов А. Губит людей вода. Может ли в Средней Азии начаться война из-за водных ресурсов [ЭР]. Режим доступа: https://lenta.ru/articles/2017/05/18/wasser_krieg/

2 Трумпер А. Водная война в Центральной Азии // Arte, 14 апреля 2015 г.

3 Центральная Азия: Вода и конфликт, Отчет № 34 International Crisis Group МГПК - Азия, Ош/Брюссель, 2002.

4 Узбекистан возобновил сотрудничество в области водных ресурсов со своими соседями по региону [ЭР]. Режим доступа: <https://news.rambler.ru/other/38710168-uzbekistan-vozobnovil-vodnoe-sotrudnichestvo-s-sosedyami-po-regionu/>

5 В Лейлекском районе Сапар Халбейхов строит небольшую гидроэлектростанцию на свои деньги [ЭР]. Режим доступа: <http://www.ktrk.kg/kg/post/5504/ru>

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДАН ЕРКІН АЙМАҚ РЕТІНДЕ: АЛҒАШҚЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

Кенжеғали Ж.М., PhD, қауымдастырылған профессор,

Ульмесеков Р.Ж., магистрант

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,

Қарағанды қ.

Ядролық соғыстың алдын алудың ең тиімді жолдардың бірі ядролық қарудан азат аймақтарды ашу екендігін әлемдік қауымдастық мойындап отыр. Ядролық қарусыз аймақ, халықаралық құжаттама бойынша, ядролық сынақтарсыз, жасау, сақтау, транзиттен азат территориялық аймақ болып есептеледі. Осы ядролық қарудан азат аймақтың қатысушылары ядролық қаруды сатуға, сатып алуға және өз территориясында ядролық қарудың орналаспауын қадағалауға міндеттенеледі.

XX ғ. ядролық қарусыз аймақ құру туралы келесі құжаттарға қол қойылды: Латын Америка (Тлателолко келісімі, 1967 ж.), Антарктика бөлігі (1959 ж. келісім) Тынық мұхитының оңтүстік бөлігі (Раротонг келісімі, 1985 ж.), Оңтүстік-Шығыс Азия (Бангкок келісімі, 1985 ж.), Африка (Пелиндаба келісімі, 1996 ж.).

Ядролық қарусыз аймақтар көп болса, әлемде бейбітшілік орнайтыны анық. Нобель сыйлығының лауреаты Оэ Кэндзабуро Хиросиманы «адамзаттың қанды жарасы» деп атаған болатын. Жыл сайын әлемдік қауымдастықтың БҰҰ бастамасымен 6 тамыз күні ядролық қаруға қарсы күн болып өтеді. Ал 1957 жылдан бастап БҰҰ Бас Ассамблеясы тұрақты түрде ядролық қарудан азат аймақтар құруға шақыратын резолюцияларды қабылдайды. 1968 жылы БҰҰ бастамасымен ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісімге қол қойылды, бұл келісімге барлық дерлік елдер қатысты. Шарт халықаралық қоғамдастықтың ядролық қаруды жоюдың стратегиялық мақсатын жариялады және ядролық қарудың таралуына кедергі жасады.

XXI ғ. Орталық Азия өңірінде ядролық қарудан азат аймақ құруымен сипатталады. Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ (ОАЯҚАА) 2009 жылғы 21 наурыздан бастап, яғни Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы 2006 жылғы 8 қыркүйекте Семей қаласында қол қойған Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ туралы шарт күшіне енген сәттен бастап жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы үшін ядролық қарудан бас тарту елеулі оқиға болды, Кеңес Одағы ыдыраған кезде Қазақстан аумағында ядролық қарудың арсеналы бойынша біздің ел төртінші орында тұрды. Алғашқы ядролық жарылыс КСРО-да 1949 жылы 29 тамызда Семей сынақ полигонында болғаны баршамызға белгілі. 1949-1989 жж. аралығында 18 мың шаршы шақырымнан астам аумақта 470-тен астам жарылыс болды, оның 118-і жер үсті, және 352-сі жер асты [2].

Кеңес Одағының ыдырауы, сондай-ақ тікелей ядролық сынақтардың зардаптары, жетекші әлемдік державалардың қысымы сияқты факторлар тәуелсіз Қазақстан Республикасының ядролық қарусыз мемлекет болып жариялануына ықпал етті. Әрине, Қазақстанда ядролық қаруды сақтауды қолдағандар да болды, ұлттық қауіпсіздікті тежеу саясаты арқылы жүргізіде мақсаттаған болатын.

Алайда посткеңестік Қазақстанның ядролық мұрамен сыртқы және де ішкі саясатын жүргізуге елестету қиындық туғызады.

Н.Ә. Назарбаевтың «XXI ғасыр тоғысында» еңбегінде 1992 жылы Дж. Буштың ресми шақыруы кезінде «Ұзақ келіссөздерден кейін американдықтар қыспаққа алуға кетті ... және де сол уақытта Қазақстан Республикасы ядролық қаруға қарсы келісімдерге қол қоймаса, басқа да халықаралық келісімдерге қол қойылмайтын ... Ал бұл келісімдер ішінде экономикалық ынтымақтастықтың маңызды мәселелері бар болатын, алайда Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне кепілдіктер болмайтын»[3, с. 236]- деп еске алады.

Сол жылдары Қазақстанның алдында тұрақсыздықтың аса қиын жағдайларында Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізгі міндеті тұрды. Бұл ұстанымды Францияның сыртқы істер министрі Р. Дюмамен, Америка Құрама Штаттарының мемлекеттік хатшысы У. Кристофермен, АҚШ-тың вице-президенті А. Гормен және т.б. мемлекеттер саясаткерлерімен кездесу барысында ұстанған болатын [4].

БҰҰ бұл мәселені екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін күн тәртібінің бірінші кезекті мәселесіне көтеруі жай емес болатын. Ядролық қару жер бетіндегі барлық тіршілік иелері үшін орасан қатер төндіреді. Әлем мемлекеттері үшін XX ғ. ортасы мен соңы ядролық қарсылықтармен өтті. БҰҰ құрылғаннан бастап бұл қызметке үлкен мән беріле бастады. БҰҰ жарғысы ең негізгі бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қарусыздандыру болып табылатын жүйені бекітті, бұның айғағы 1955 ж. 6 тамызындағы Хиросима қаласында өткен ең алғашқы ядролық және сутегтік бомбаларға және сынақтарға тыйым салу туралы халықаралық конференциясы болды.

Нью-Мексико шөлдеріндегі алғашқы ядролық сынақтан және Хиросима мен Нагасакиді бомбалаудан бастап қарағанда, қазіргі ядролық қару қуаты әлдеқайда күшті. 1945 жылдан бастап бүкіл әлемде екі жарым мыңға жуық ядролық қару жарылды және бұл жарылыстардың 85% астамы АҚШ-және бұрынғы Кеңес Одағының территориясында болды және бомбалардың тек екеуі ғана соғыста қолданылды, бұл АҚШ-тың Жапонияның Хиросима мен Нагасаки қалаларына бомба тастаған кездеорын алды. Бұл бомбалар қазіргі қарумен салыстырғанда күштері өтеаз. Хиросимаға тасталған бомбаның эквивалентіндегі килотоннасы 13-18 килотонна, Нагасакиге тасталған атом бомбасы 21 килотоннаға тең.

Қазір әлемде шамамен 15 мың 600 ядролық қару бар [1] бұл бүкіл жер шарын ондаған рет жою үшін жеткілікті, бірақ осы ядролық қарудың ресми деректері бойынша тек 9 ел осы қорларды басқарады Ресей мен Америка Құрама Штаттары 92% ие, қалған сегізі Франция Қытай мен Ұлыбритания бақылауында. Алайда, Израиль өзінің ядролық бағдарламасы туралы жасырын саясат жүргізеді және оның бар-жоғын ешқашан растамайды немесе жоққа шығармайды. Сонымен қатар көптеген елдер Израильдің ядролық оқтұмсықтары бар екеніне сенімді, бірақ ешкім бұл туралы айтпайды. Мордехай Ванна онда бұл адам Израильдің ядролық бағдарламасы туралы егжей - тегжейлі ашып, 18 жылын түрмеде өткізген болса, айта кету керек. Оңтүстік Африка бір кездері алты ядролық оқтұмсыққа ие болған, өйткені бұрын апартеид режимі кезінде үкімет құлауынан қорыққан болатын, бірақ экономикалық серіктестікті еркін жүргізуге келісіп, ядролық қарудан бас тартқан болатын. 1991 жылы Кеңес Одағынан тәуелсіздік жариялаған кезде Украина, Беларусь пен Қазақстан да ядролық қаруға ие болды, тәуелсіздік алғаннан кейін Украина 5000-нан астам ядролық қарудың иесі болды, бұл оны ядролық әлеуеті бойынша әлемдегі 3 державаға айналдырған болатын. Болашақта ешкім олардың аумақтық шекараларын бұзбайды деген келіссімен Ресей қарамағына тапсырылған болатын. Алайда 2014 жылғы Украинадағы жағдайдан кейін, келешекте ядролық қарудан бас тарту өз қиындықтарын туғыздыратыны айдаң анық деген пайымдаулар пайда бола бастады.

XXI ғасырдың екінші он жылдығының басы, ядролық қарудың әлі де үрей тудыратынын жақсы көрсетті, 2020 жылдың ақпан айында бүкіл әлемнің назарында болған АҚШ-Иран жанжалы, Үндістан мен Пәкістан арасындағы шекара қақтығысы, және де Армения-Әзірбайжан қарулы қақтығыстары кезінде, бұқаралық ақпараттар құралдарында «ядролық қару» сөзі өте жиі естілетін болған. Сондықтан да жаппай қырып жою құралы техникалық прогресс пен дамуға қарамастан өз қауіпін жоғалтқан жоқ. Алайда әлемдік дағдарысты көре отыра, жаңа альтернативті энергия жолдарын іздеудің маңыздылығы қайта қаралады, оның ішіне бейбіт атом энергия көзі. АСЕАН ұйымына кіретін елдердің «атом жағармайың» қолдануға бет бұрды, 2007 жылдың осы АСЕАН ұйымының Сингапурде өткен 13 саммитінде бұл ең маңызды сұрақтардың бірі болған, Лаос мемлекетінің премьер-министрдің орынбасары «әрбір мемлекет ядролық энергетиканы бейбіт мақсатта қолдануға құқығы

бар», -деген пікір бөліскен. Алайда ядрлық энергетиканың да өзіндік кемшіліктері бар, бұл экологияға және адам денсаулығына әсері, қандай-да қауіпсіздік шаралары қолданылса да адамзат тарихында атом электр станицясының бір емес бірнеше рет істен шығып адамдарға зардабы, сонымен қатар алғашқы салу құнының жоғарылығы жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Nuclear Weapons: Who Has What at a Glance // <https://www.armscontrol.org/factsheets/Nuclearweaponswhohaswhat>
- 2 Абишев М. Международное антиядерное движение «Невада – Семипалатинск» // hirosima.scepsis.ru/movement/mov_2.html
- 3 Назарбаев Н. На пороге XXI века. – Алматы: Онер, 1996. – 286 с.
- 4 Ретивых А. Испытание независимостью. – Алматы, 2004. – 130 с.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖАҒДАЙЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Кенжеғали Ж.М., PhD, қауымдастырылған профессор,
Абдикаликов А.Ф., магистрант**
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қ.

Климаттың өзгеруі жағдайында кейін азық-түлікпен қамтамасыз ету жүйесі мен ауыл шаруашылығын жүргізу механизмдері бүгінгі күні өзгерістерді қажет етуде. Ауа температурасының көтерілуі, жауын-шашынның өзгермелі жағдайындағы ауа ылғалдылығындағы өзгерістер, ауа-райының тұрақсыз сипаты және зиянкестер мен аурулардың таралуы климаттың өзгеруінің нәтижесі болып табылады және ауыл шаруашылығының өнімділігіне үлкен қауіп төндіреді, соның салдарынан жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне теріс әсерін тигізеді. Сонымен қатар, әлем халқының саны тұрақты өсуде және 2050 жылға қарай 9,6 миллиардқа жетеді деп күтілуде. Өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін ауыл шаруашылығы мен